



Рухани құндылық бастауы

2



«Сөз қадірін түсіріп алмай керек»

3



Байқенжеев биігі немесе «Ақбаян» өні өмірге қалай келді?

4



Ақылшы досым, айнымас серігім

6



Сыр бойы



№168 (19846)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

7 қараша / БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

Қарым-қатынастың жаңа деңгейі

Қазақстан Президенті Өзбекстанның Өлі Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаеваны қабылдады. Кездесу кезінде екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Танзила Нарбаеваның сапары екі елдің парламентарлық байланыстарын дамытып, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа тын серпін беретінін атап өтті.



– 2018 жылы сауда айналымы 2,5 миллиард долларды құрады. Ал биылғы 9 айдың өзінде өткен жылғы нәтижеден артық жетістікке жетіп отырмыз. Соған сәйкес, жыл соңында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда айналымының көлемі де арта түседі, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сәуір айындағы Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапарының нәтижесінде сауда-экономикалық байланыстарды нығайтып, өзара сауда айналымын біртіндеп 5 миллиард долларға дейін арттыру туралы келісімге қол жеткізілгенін айтты.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы көлік-транспорт бай-

ланыстарының, сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастардың даму барысы жоғары деңгейде екенін атап өтті.

– Қазақстан мен Өзбекстан өзара ынтымақтастықты дамытуға қызығушылық танытып қана қоймай, сонымен қатар, бірқатар мәселелер бойынша бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан біздің өзара ықпалдастығымыз табысты болатыны сөзсіз. Оның үстіне, әріптесім, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен екі ел арасындағы ынтымақтастықты жан-жақты дамыту үшін белсенді жұмыс жүргізуге келістік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Танзила Нарбаева Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, Шавкат Мирзиёевтің сәлемін жеткізді.

– Сіздің Қазақстан Президенті лауазымына сайлануыңыз – бұған дейінгі абыройлы қызметіңіздің нәтижесі. Сіз тәжірибелі дипломат, ықпалды басшы ретінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және экономикасын дамытуға бағытталған бастамаларын жалғастырып келесіз, – деді өзбек саясаткері.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентіне ізгі тілегін жолдады.

САЯСИ КЕҢЕС

Партиялық жоба: ауқымды жұмыс, маңызды міндет

Қызылордада мыңгерған малы бар отбасылар да атаулы әлеуметтік көмек алған. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы саяси кеңесі бюросының кеңейтілген отырысында облыс әкімі, партияның филиал төрағасы Қуанышбек Ысқақов осындай мысал келтірді.

Назерке САНИЯЗОВА.



– Тексеру жүргізгенде бір кісінің 425 қойы, 19 түйесі, ал енді бірінші 314 уақ малы, 41 түйесі, 57 жылқысы бары анықталды. Бұл дегеніміз – бұтін бір шаруа қожалығы. Төрт түлік сойса – ет, сауса сүт болып қажетке жарайды. Мұндай адамдар жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі керек. Мемлекет көмегін оған мұқтаж адамдар алысын, – деді аймақ басшысы.

Елбасы, партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев партияның электі XVIII съезінде халықтың әлауатын арттыруға бағытталған төрт басымдықты атады. Соның бірі – әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған және қолбалауы отбасыларды қолдауы көздейтін «Бақытты отбасы» жобасы.

Бүгінгі отырыста облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов жоба аясында әзірленген өңірлік жол картасының орындалуы жайын қозғалды.

– Бүгінде әрбір отбасыға 84 мың теңгеден жоғары атаулы әлеуметтік көмек беріледі. 1 қазандағы мәліметке сәйкес көмек алушы қызылордалықтардың саны 147 мыңнан асып немесе жоспарлы көрсеткіштен 37 мыңға көбейіп отыр. Бұған атаулы әлеуметтік көмек төлеу шарттарының өзгеруі себеп. Оны алу үшін әдейі ажырасу, жұмыстан ерікті түрде шығу, табысты жасыру сияқты әрекеттерге баратындар аз емес, – деді ол.

Тексеру нәтижесінде 1597 отбасыға 1 млрд 71 млн теңге шамасында әлеуметтік көмек тағайындау тоқтатылды. Артық төленген 229 млн теңге бюджетке қайтарылды. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны Қызылорда қаласында – 4,5, Жанақорғанда – 3,8, Шнелі ауданында 3,5 есе артқан. «Бұл оның ретті-ретсіз тағайындалғанын көрсетеді», – деді облыс әкімі.

Жыныда жастар мен жасөспірімдер тәрбиесінен туындайтын мәселелер деп сөз болды. Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Шамшидин Әмитовтың айтуынша, көптеген профилактикалық жұмыстың атқарылғанына қарамастан келесіз фактілер азаймай тұр.

– Осындай шаралар нәтижесінде 3 мыңнан астам құқықбұзушылық анықталып, қанғыбастық пен кезбелікке салынған 214 жасөспірім бейімдеу орталығына жеткізілді. Түнде көшеде өздері жүрген 2892 баланың әкешелері жауапкершілікке тартылса, бала тәрбиесімен айналыспаған 11 адам сот шешімімен ата-аналық құқығынан айырылды, – деді ол.

Сөздің реті келгенде Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мектеп инспекторларының жұмысы көңіл көншітетінін жеткізді.

– Жуырда қаладағы мектеп басшылары, олардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, ішкі істер саласының өкілдері және мектеп инспекторларымен кездестім. Сонда осы мәселені жан-жақты талқыладық. 15 жылдай бұрын тәжірибеге енгізілгенімен, мектеп инспекторларының жұмыс нәтижесі әлі төмен. Ойткені олардың көбі – әйелдер, кейбірі бала күтіміне байланысты демалыста, – деді Н.Нәлібаев.

Аймақ басшысы жасөспірімдерге қарсы жасалатын түрлі қылмысқа төтеп беру – полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның шаруасы екенін атап өтті.

– Жергілікті ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жыл сайын қыруар қаржы бөлінеді. Алайда, жұмыс нәтижесі төмен. Профилактикалық шараларды күшейтіп, тиісті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнату қажет. Қылмыстың алдын алу және оны жою шараларына барлығымыз жұмыла аталысуға тиіспіз. Бұл мәселе жеке бақылауда болады, – деді облыс әкімі.

Бүгінде өңір тұрғындарының 22,3 проценті – жастар болса, соның 8,3 проценті – NEET санатының үлесінде. Осы санаттағы жастар мен 2018 жылғы түлектерді қоғамға әлеуметтендіру және жұмыспен қамту бағытында қабылданған жол картасының қалай жүзеге асып жатқанын облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов баяндады. Айтуынша, не оқуда не жұмыста жоқ жастардың санын шығару қиын. Себебі ол құбылмалы, күнделікті өзгеріп отырады.

Аймақ басшысы бұл бағыттағы жұмысқа көңілі толмайтынын білдірді. Тиісті мекемелердің ақпаратын мысалға келтіре отырып, басқармаға жастармен жұмыс істеуде ведомстволық байланысты үйлестіруді міндеттеді.

– NEET санатындағы дипломы бар жастардың көпшілігі – бәсекеге қабілетсіз жергілікті колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері. Білім сапасы да бақылауда болсын. Сандық көрсеткіштермен қатар нақты шаралар атқарылуы керек. Тиісті басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері, NEET санатындағы жастармен жұмыс істеуге арналған нормативтік актілерді мұқият зерттеңдер. Облыс орталығы мен аудандарда жастар ресурстық орталықтары бар. Жастар саясаты мәселелеріне биыл 600 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Мемлекет тарапынан қолдау жеткілікті, алайда нәтиже жоқ, – деді облыс әкімі.

«Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесі азаматтарға заң аясында қызмет көрсетіп, кеңес беріп, өзекті мәселелердің оң шешілуіне ықпал ететін халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналып отыр. Партияның облыстық филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрайымы, «Қазпочта» АҚ облыстық филиалының директоры Анди Әбибуллаева қоғамдық қабылдау бөлмесінің 9 айдағы жұмысына тоқталды.

– Есепті кезеңде түскен 3016 арыз-өтініштің 984-і немесе 32,6 проценті оң шешімін тапқан. Көпшілікті әлеуметтік, білім, денсаулық сақтау салаларының мәселелері мен жер, еңбек даулары жиі мазалайтын болып шықты, – деді ол.

Халықтың үніне құлақ асатын Үкімет қалыптастыруда қоғамдық қабылдау жүйесінің маңызы айрықша екенін ескерсек, бұл бағыттағы жұмысты күшейту өте өзекті.

Кеңес мүшелерімен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелерін қабылдады. «Байтақ болашақ» экологиялық альянсы» РҚБ президенті Азаматхан Әміртаевпен кездесу барысында еліміздегі экологиялық ахуал, халықтың экологиялық түсінігі мен мәдениетін арттыру мүмкіндіктері секілді мәселелер талқыланды. А.Әміртаев шағын және орта бизнесті қолдауға және экологиялық жобаларды іске асыру үшін шетел инвестициясын тартуға қатысты бірқатар ұсыныс айтты.

халықаралық аренада ұлттық бренд ретінде қалыптастыру жайындағы көзқарасын жеткізді.

Қоғам қайраткері, саясаттанушы Айдоос Сарыммен кездесуде Қазақстандағы гуманитарлық ғылымның даму перспективалары, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне оның әсері, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуы мен идеологиялық саясаты сияқты мәселелер қозғалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы

отырысынан кейін Кеңес мүшелері тарапынан айтылған ұсыныстар Президент Әкімшілігі мен Үкіметте өткен жиындарда талқыланып, пысықтау жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

– Нақты нәтижелерге қол жеткіздік. Жұық арада кейбір заңнамаларға енгізілетін өзгерістерді пысықтау керек. Содан кейін Ұлттық кеңестің екінші отырысы шақырылады, – деп қорытындылады Президент.

«Қазақстан барысы» даму қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы Арман Шораев Президентке ішкі

және сыртқы туризм саласындағы кейбір қордаланған проблемаларды шешу жолдарын, казак күресін

ҚАБЫЛДАУ

Тұрғындар өтініші тыңғылықты қаралады



Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов жеке мәселелері бойынша тұрғындарды қабылдады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Алдын ала қабылдауға жазылғандар қатарында бірінші болып карт ана Орынтай Өткелбаеваның мәселесі тыңдалды. Өтініші – пәтер қажеттілігі. Кезекте тұрған қызы басқа қалада ем алып жатқанына байланысты қабылдауға өзі келген.

Қызы пәтер кезегінде бюджеттік сала қызметкері ретінде 284-ші болып тұр. Бұл орайда аймақ басшысы қазіргі кезде бюджеттік қызметкерлер арендалық негізде әрі қарай сатып алу жолымен пәтерлі бола алатынын айтты. Сонымен бірге

қала әкімі мен тиісті мамандарға баспана алу бағдарламаларын терең түсіндіруді тапсырды.

Келесіде «Қазақстан мүгедектер конфедерациясы» қоғамдық ұйымы облыстық филиалының жетекшісі Досхана Қырымұлын қабылдады. Ол облыс көлемінде мүгедектер санының артып, ауру түрлерінің көбейгенін, егіздер мен үшемдердің жиі дүниеге келуін алға тартып, осының себеп-салдарын зерттейтін ғылыми орталық ашу туралы ұсынысын жеткізді.

– Досхана Қырымұлы, сіз айтып отырған ғылыми зерттеу орталығын облыстан емес, республикадан қараған жөн болар. Бұл мәселені ҚР Премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев бірқатар министрлік өкілдерімен келгенінде көтердік. Қызылорда облысының

төңірегіндегі ауа райы Арал ауданынан бастап Жанақорғанға дейін, Түркістан қаласы мен Ақтөбе облысының кейбір аудандарына қалай әсер ететінін зерттеу жөнінде арнайы хат жаздық. Осы орайда адамдар денсаулығына, мүгедектерге, жүкті әйелдерге әсер ету деңгейі нақтыланса, оларға берілетін жәрдемақыға қосу туралы мәселе көтеріледі, – деді облыс әкімі.

87 жастағы тыл ардагері Хамзе Қалибаев айына 40 мың теңге төлеп пәтер жалдап тұратынын айтып, баспана сұралды. Алайда ардагер осы уақытқа дейін пәтер кезегіне тұрмаған. Аймақ басшысы тиісті мамандарға тапсырма беріп, бірлесіп құжаттар жинақтауға көмектесуді жүктеді.

Сондай-ақ, Хамит Ақуев дұрыс есептемеу салдарынан зейнетақы сомасының аз екенін жеткізді. Бұл мәселеге қатысты да облыс әкімі заң аясында көмектесуге тапсырма берді.

Роза Қобыланованың екі немересі өзінің қарауында, пәтер жалдап тұрады. Оның қызы пәтер кезегінде 2051-ші болып тұр. Баспана сұрай келген. Осы орайда қала әкімі бұл кісіге кезінде өз қаржысынан және өзге де кәсіпкерлердің көмегімен «Бәйтерек» шағын ауданынан екі бөлмелі ғарышкерлердің салдырып бергенін, ендігі кезекте пәтер тек заң шеңберінде кезек бойынша берілетінін жеткізді. Ал, көлік қатынасының қиындығын алға тартқан тұрғын өтінішіне орай аймақ басшысы қала әкіміне маршруттық көлік қатынасын тағы бір пысықтауды ескертті.

Жалпы осы күні облыс әкімінің қабылдауында 40 азамат болып, өтініш-тілектерін жеткізді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 38 сессиясы 2019 жылғы 12 қарашада сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды. Сессияның күн тәртібіне мына мәселе ұсынылды: 1. 2050 жылға дейінгі Қызылорда қаласының даму Стратегиясын бекіту туралы.

Облыстық мәслихат.

■ КОНФЕРЕНЦИЯ

Рухани құндылық бастауы

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Қазақтану» мәдени-ағартушылық жобасы аясында «Қазақтың дүниетанымы және ХХІ ғасыр» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, зиялы қауым өкілдері, облыстық ҚХА құрылымдары мен этномәдени бірлестік мүшелері қатысты.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

«Қазақтану» ғылыми-ағартушылық жобасы алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында ұсыныс ретінде көтерілген болатын. Бұл жобаның барша қазақстандықтардың ортақ мәдени қолдауымен, біртұтас құндылықтары мен халықтың бірлігін нығайтуда маңызы зор. Жұмыс барысында бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Н.Байқадамов кезінен тарқатып айтты.

Бүгінде ҚХА-ның бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша «Қазақтану» жобасы жүзеге асуда. Жоба Қазақстан халқының шоғырландыратын ортақ құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Басты мақсаты – еліміздегі этностар арасында қазақ халқының тарихын, философиясын, құндылықтарын, дәстүрлерін, гуманитарлық және адамгершілік принциптерін дәріптеу. Бұл жобаның біздің өмірімізге бастау алуының үлкен мәні бар. Себебі, Елбасы Алаштың анасына балаған Сыр елі қазақ халқының қаймағын бұзылмай сақталып келе жатқан құтты өңір, – деді ол.

Ал Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы, қоғам қайраткері Сәпен Аңсаров қазақтың дүниетанымы мен ұрпақ тәрбиесіне ерекше тоқталды. Жастарды намысты етіп тәрбиелеу, қазақи болмысын қалыптастыру, рухани азықтандыру мәселесін көтеріп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қолға алған жобалардың мақсаты



тереңде екенін айтты.

Жұмыс барысында филология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ-дың директоры Бағдат Қарібозұлы «Сыр елі – руханияттың бастау бұлағы» тақырыбында ой өрбітті.

«Қазақтану» сөзі алғашқыда ерсі естіді. Себебі, бір жағынан тамыры тереңге жайылған қазақ халқының әлі күнге дейін өзіне-өзі танымағаны ма десе, бір жағынан елімізде өмір сүріп жатқан өзге ұлттар үшін айтылған ұғым шығар деген ой келді. Қазір түсінігеміз қазақтану өзге ұлттар мен ұлыстарға ғана емес, қазақ жұртына да керек. Өйткені, біз тағдырымыз тайайлы, тарихымыз тауқыметті болған халықпыз. Біз өзімізді өзіміз

әлі тани алмай келеміз. Сондықтан жастар қазақи тәрбиеленіп, тұлға болып қалыптассын десе, ең алдымен оларды ауыз әдебиетімізбен сусындатуымыз керек. Қазақтың ауыз әдебиетінде қазақтың дүниетанымы мен педагогикасы, психологиясы тұр. Демек, тәлім мен тәрбие, ұлттық болмыс, адам жанының сұлулығы осы әдебиетте ұштасқан. Мұны білген, оқыған бала саналы болып өсетіні сөзсіз. Осы ретте бүгінгі конференцияның көтеріп отырған тақырыбы ауқымды әрі күрделі деп білемін, – деді Бағдат Қарібозұлы.

Мұнан өзге конференцияда өнертану кандидаты, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің ғылыми хатшысы Екатерина Резникова «Кескіндеме өнеріндегі өркеніеттің бейнесі» тақырыбында ойын ортаға салса, «Ұлы дала паремологиясы және ұлттық код» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің қауымдастырылған профессоры Жазира Исаяева баяндама жасады. Сонымен қатар, философия докторы, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Дәстүрлі өнер» институтының директоры

Фани Байұлов «Қазақ музыкасының даму генезисі» тақырыбын сөз етіп, жана идеяларымен бөлісті. Жұмыс барысында қатысушылар пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды. Қазақстан этностарының арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жобаларын ілгерілетуге бағытталған әрі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін насихаттауға арналған бұл жобаның маңызы зор. Себебі, қазақ халқының құндылықтарын ұлықтап, елімізге деген елжандылықты қалыптастырады.



■ АПЫРАЙ-Ә!

Бөбекжайдағы бүлік: тексеру жалғасады

Жуырда Жанақорған кентіндегі бөбекжай-бақшасынан шықты. Мемлекет міншігіндегі №28 «Алпамыс» санаторлық бөбекжайы жайлы резонанстық материал әлеуметтік желіде қызу талқыланды. Өзекті мәселені «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы жанындағы бақылау комиссиясы да жедел назарға алып, мониторинг жұмысын ұйымдастырған еді. Оның қорытындысы кеше облыс әкімдігінде өткен отырыста қаралды.

Мәлімді ҚА.ПЫМБЕТ.



Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың жетекшілігімен өткен жиында мәселенің мән-жайы ашылды. Бақылау комиссиясының төрайымы Аида Әбибуллаеваның айтуынша, мәселе әлеуметтік желі арқылы партия назарына тіккен. Тіпті, орталық аппараттан мән-жайды анықтау үшін арнайы комиссия жіберілді. Олардың арасында бақылау қызметінің инспекторы Айжан Ысқақова бар.

Бөбекжай-бақшасында орын алған оқиғаның көп. Қабырғада теледидардың орнына смартфон ілулі тұрды, ас үйге шағын газ плитасы қойылған. Тамақ сапасын қадағалау үшін белгіленген ас мәзірі талапқа сай емес, қадағалаушы комиссия жұмыстарының құжаттары толықтырылмаған. Комиссия мүшелері тоназытқыштың бос тұрғанын да көрді. Ал, бүлдіршіндер бес мезгіл тамақтануы тиіс. Ол үшін миллиондаған қаржы бөлініп отыр. Бөбекжайға келетін баланың жалпы саны – 41, ал қазір күннің салқындауынан 28 балана құрайды, – деді А.Әбибуллаева.

Сондай-ақ, бөбекжайда қарапайым санитарлық талаптардың орындалмай келгені айтылды. Штаттық қызметкерлердің де саны сәйкес келмейтін анықталған.

Мұнда дәрігер-физиктер жоқ. Тиісті маманның болмауы балалардың антропометриялық деректерінің бұзылуына әкеледі. Бұл мәселелер аудан әкімінің назарына ұсынылды. Бүгінде тиісті шаралар қолға алынып, оң нәтиже байқалауда, – деді бақылау комиссиясы төрайымының орынбасары Анар Ізден. Бұл ретте Наурызбай Сейітқалиұлы тексеру жұмыстарының жалғасатынын, ол аяқталғанға дейін бөбекжай менгерушісінің қызметінен уақытша шеттетілгенін алға тартты. Сондай-ақ, жауапты сала басшылары хабарлама жасап, бірлесіп жұмыс істейтіндіктерін жеткізді. Бөбекжайды тұрмыстық, санитарлық және тамақ сапасының стандарт талаптарына сәйкестендіру, мекеменің жарғылық қызметтерін атқарудағы және бюджет қаржысын игерудегі тиімділігіне экономикалық талдау жасауға қатысты нақты ұсыныстарын ортаға салды.

■ ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ

«Сыр үміті» кімдерге беріледі?



Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан облыс әкімінің «Сыр үміті» жастар сыйлығы табыстау шарасы биыл да өз жалғасын таппақ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов мәлімдеді.

Шынар БЕКБАН.

Қараша айының үшінші онкүндігінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Медиа Жұлдыз» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Сыр үміті» жастар сыйлығын табыстау шарасы өтеді. Жобаның мақсаты – жастардың азаматтық және қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру, жастар ұйымдарының байланысын нығайту. Сондай-ақ, білім, ғылым, өнер, мәдениет саласындағы аймақ жастарын ынталандыру, – деді ол.

«Медиа Жұлдыз» қоғамдық қорының жоба жетекшісі Ақгүл Абдра-сулқызы «Сыр үміті» сыйлығы аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде жеңіске жетіп жүрген 14-29 жас аралығындағы жастарға 20 аталым бойынша берілетінін айтты.

Облыстың дамуы мен өркендеуіне сүбелі үлес қосып, белсене атсалысқан 20 жасқа лайықты құрмет көрсетіледі. Үміткерлерді іріктеуде ұлты, нәсілі, жынысы, діні, білім деңгейі мен әлеуметтік жағдайына байланысты шектеу жоқ. Байқау 3 кезеңнен тұрады, – деді ол.

Биылғы жылдың ерекшелігі, үміткер тек 5 құжат дайындайды. Оның ішінде «Мен осы сыйлыққа неге лайықпымын?» тақырыбында және өз саласының үздігі екенін дәлелдейтін 1-2 минуттық сапалы бейнематериал түсіреді.

Жобаға құжаттарды қабылдау 15 қарашаға дейін жүргізіледі. Сондай-ақ, тапсырылған құжаттар сәйкес талаптарына сәйкес келмеген немесе толық ұсынылмаған жағдайда қарастырылмайды, ұсынылған құжаттар кері қайтарылмайды.

Ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың орны бөлек

Тарыдай болып мектеп қабырғасын аттаған бүдіршіндерден үлкен тұлға қалыптастыру екінің бірін қолынан келе қоймайтын аса күрделі шаруа екені сөзсіз. Мұндай қаламға баратын мұғалім қауымына қоғамның құрметпен қарайтыны да сондықтан шығар. Бүгінде ұлы мамандық нелеріне деген құрмет өлшемі уақыт өткен сайын артып келеді. Нақтысы, білім саласына деген қолдау еселене түсті. Оған дәлел Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың педагогтардың мәртебесіне қатысты тапсырмасы.

Ұрпақтар сабақтастығын жап-жаңа келе жатқан жас буын ұстаздарға, жастарға мемлекеттің назары ерекше екеніне биылғы жылдың «Жастар жылы» деп аталуының өзі де дәлел болса керек. Тамыз

педагогикалық кеңесінде Президент Қ.Тоқаев пен Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов айтқан жаңалықтар тағы бір серпін берді. Енді, міне, аталған салаға деген қамқорлықты сезініп келеміз.

Ел болашағы – білімді ұрпақ. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниетанымымен, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни жана бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу керек. Ол – нағыз ұстаздың қолынан келетін іс. Бүкіләлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылып, қоғам дамуындағы қалыптасқан жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өмірге бейімделу қажеттілігін туындатып отыр. Мемлекет білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Президент Қазақстан халқына Жолдауында білім беруге, жана реформаларды

жүзеге асыруға айрықша мән берді. Ел тарихында алғаш рет «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып болды. Бұл – әрбір педагогтың әл-ауқатына тікелей қатысы бар нағыз тарихи құжат. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі барлық техникалық жаңалықтар жағдайында мұғалімге жүктелер міндет жеңіл емес. Себебі білім берудің уақыт талабы мен заманауи экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін деңгейін қамтамасыз етуі тиіс тұлға – мұғалім. Олай болса, қоғамдағы мұғалімнің мәртебесі өз қолында екені анық. Ал ұстаздың мәртебесі артса, білімді ұрпақ тәрбиелеу жолға

қойылады. «Орташа мұғалім айтып береді, жақсы мұғалім түсіндіреді, үздік мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім қанаттандырады, шабыттандырады» деген сөз бар.

Иә, біздің жетістігіміз оқушының білімімен өлшенеді. Шәкіртіміз шыңға шықса, бала-ша шаттанамыз. Сондықтан еселі еңбектің күрделі жолында, жас буын тәрбиелеу ісінде еңбек етіп келе жатқан ұстаздар қауымына деген қоғамның құрметі ешқашан түгесілмейді.

Мәдіна ЖАҚСЫБАЕВА, Ү.Түктібаев атындағы №24 орта мектеп мұғалімі. Қазалы ауданы.

Қызмет тиімділігінің тетігі

Жылдам әрі сапалы қызмет көрсетуге қауқарсыз ел артта қалады. Сондықтан, мемлекеттік басқаруда жана технологияларды енгізу – кезек күттірмейтін мәселе. Оны электрондық форматқа ауыстыру да тұрғындарды зуре-сараннан құтқарып, ашықтық пен жариялықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы және салаға қатысты өзге де мәселелер «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік қорпорациясының облыстық филиалында өткен жиында талқыланды.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

Басқосу облыс бойынша көлікті бақылау инспекциясының басшысы Нәжмадин Шамұратовтың жетекшілігімен өтті. Спикер мемлекеттік қорғаныс қызмет саласындағы заңнаманың сақталуы қатаң қадағалауда екенін жеткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызметтерді ашық және тиімді ұсынуы жүктелді. Басым бағыт бойынша жұмыс тиісті деңгейде жүзеге асырылуда. Бүгінде инспекция автомобиль, темір жол және су көлігі саласында 18 мемлекеттік қызмет ұсынады. 30 қыркүйекке дейін 1769 қызмет көрсетілген. Инспекция қазір «Азаматтарға арналған Үкімет» МК облыстық филиалымен бірлесіп жұмыс жүргізуде, – деді Н.Шамұратов.

Шарада техникалық қарап-тексеру бойынша ҚР заңнамасына енгізілген түзетулер түсіндірілді, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысында туындайтын проблемалық мәселелер қаралды. Жұмыс қорытындысында салада қандай да бір заңбұзушылық орын алмас үшін осындай түсіндірме жұмыстарын жиі ұйымдастыру тапсырылды.

■ ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ

Ойын-сауық орталығынан табылды

Қызылорда қаласында үйінен белгісіз бағытқа шығып кеткен 8 және 11 жастағы екі бала полицейлердің көмегімен бір тәуліктен кейін табылды.

Жоғалған балаларды іздеуге Қызылорда қаласы полиция басқармасы жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция құрамы жұмылдырылды. Барлық полиция учаскесіне бағыт-бағдар берілді. Адам көп жиналатын орындар, тұрғын үйлердің шатырлары мен қараусыз қалған ғимараттар тексерілген.

Нәтижесінде балалар қаладағы ойын-сауық орталығынан табылды. Айта кетерлік жайт, екі баланың ата-анасына ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабының 3-бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылды, – деп мәлімдеді облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Жолаушыларға көмек

Полиция қызметкерлері қатты жел мен нөсер жаңбыр салдарынан жолда қалып қойған жолаушыларға көмек көрсетті.

Жол үстінде мұз қатуына байланысты Арал ауданының «Самара-Шымкент» автожолының 1343 шақырымында жол қозғалысы шектелді. Соған байланысты облыстық полиция департаментінің қызметкерлері «ҚазАвтоЖол» мекемесімен бірлесіп, күшейтілген кезекшілік ұйымдастырды. Тиісті сала мамандары тәулік бойы патрульдік және бақылау жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде мамандар мыңға жуық көліктегі 2500-ден астам жолаушы мен жүргізушіге қол ұсын соғды. 5 қарашадан бастап жол ашылып, қозғалыс қайта жанданды, – деп мәлім етті полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Адасып кеткен бақташы үйіне оралды

Жалағаш ауданында мал іздеуге шыққан тұрғын қатты жел тұрып, күннің күрт суытуынан адасып кеткен.

Ауданға қарасты Аламесек ауылында тұратын 46 жастағы тұрғын 3 қараша күні сағат 15.00-де мал іздеуге шыққан. Сол кеткеннен хабарсыз қалған азаматты құтқарушылар жөне жергілікті тұрғындар іздеді. Жоғалған азамат бір күннен кейін тоғай ішінен аман-есен табылды.

Ауа райы аяқ астынан суытты. Сондықтан тұрғындардың барлық сақтық шараларына назар аударуын сұраймыз, – деді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жанабаев.

Полицейлер балықшыны құтқарды

3 қараша күні Сырдария ауданының полиция бөліміне Қызылорда қаласы тұрғынының балық аулап жүріп жоғалып кеткені жөнінде хабарлама түскен.

Дерееу оқиға орнына жеткен учаскелік полиция инспекторлары, полиция аға лейтенанты Нұрғас Жаппасбаев және полиция лейтенанты Жұмабек Жандос оған көмек көрсетті. Полицейлер 200 метрдей жерді жүзіп өтіп, ескесіз қайықта отырған азаматты тапты. Құтқарылған кәсіпкернен жауған нөсерден қайық ағыспен жағадан ұзап кеткенін айтты. Қырағылық танытқан тәртіп сакшыларына шексіз алғысын білдірді.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

ЖЕРЛЕСТЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ

«Жазған дүниелері де, қоғамдық істері де теңіз төңірегінен алыстамайды. Қайда жүрсе де, мияның бір мүйісінде Арал тұрады». Бұл – жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Күрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Қуаныш Жиенбайға қаламгер Бауыржан Омаровтың берген сипаттамасы. Теңіздің ақжал толқыны сынды Аралдан шыққан ақпарат өкілі тұған жерден шалғай жүр. Бірақ жазушымен Аралдан басталған әңгіміздің ауаны өздігінен теңіз жайына ойыса берді.

Айта кетейік, «Сыр бойы» газеті енді жырақта жүрген жерлестерімізбен пікір алмасу үшін жана айдар жүргізбек. Бүгінгі санда Қуаныш Жиенбаймен, келесі сандарда Елордадағы Сыр перзенттері жазушы Жақсылық Рахматулла, жыршы Елмұра Жаңабегеновмен сұхбат-әңгімізді ұсынатын боламыз.

– Қуаныш аға, Волга бойындағы елге 14 вагон балық жіберіп, тарихтың жылнамасына жазылған Бөгенде туып-өстіңіз. Бұл – ақын Зейнолла Шүкіровтің де ауылы. Аралдан шыққан алыптармен жақсы араласқан боларсыз...

– Біздің кезімізде Бөгеннің өзі ескі және жаңа Бөген деп аталады. Екеуінің арасы 7 шақырым. Бесінші сыныптан бастап күніне 14 шақырым жаяу жүретінбіз. Қыстың қақаған аязды күндері әлі есімде. Ергелетіп үйден шыққан біздің үстімізде қысқартқанымен әжептәуір қолылап тұратын балықшылардың спецовка, күпюйкісі. Ескі Бөгенде Толыбай Абылаев деген ақынмен бірге оқыдым. Жақында мектеп бітіргенімізге 50 жыл толуына орай елге барып келдік, сапарымыз сондай табысты болды. Ауыл ақсақалдарымен әңгімелестік, елдің жайын бағамдалдық. Мектепке арнайы барып, бес оқушыға өз атымын шәкіртқа табыстадым. Біз оқыған мұғалімдердің көбі дүниеден өткен. Тек Әділхан Әбдікәрімов деген мұғаліміміз қалыпты. 70 жылдардың басында Бөген орта мектебінде Әділхан Қалдыбаев деген жігіт практикандан өткені есімде. Ол кезде жазушы емес еді. Кейін қазақтың қабырғалы жазушысы болып қалыптасты, Жамбыл облыстық газетінің бас редакторы болды. Иә, біздің ауыл – Зейнолла Шүкіровтің ауылы. Зекеңді көрдік. Мектептің жанындағы үйілген құмның басында теңізге қарап отыратын. Университетте оқып жүрген кезімде Молдахмет Қаназ сөзге алып келді. «Жетісу» қоңақүйінде екен. Бардым. Сол жолы Зекең жолдан шаршап келген, суға түсіп алайын деген соң, ваннаға түсірген ғой. Онысын Молдахмет ұмытып кетті. Зекең өзі тұра алмайды, я айта алмайды. Суда ұзақ отырғасын, әбден шыдамы кеткен. Бір кезде ғана есіне түсіп, алып-ұшып жетсе, әбден тағаты таусылған ақын қосындағы үлкен насыбай шақшасын Молдахметке лақтырыпты. Сондай қызықтарды көрдік.

Әбдіжәміл Нұрпейісовпен жақсы қарым-қатынастамын. Біз теңіздің Сыр жағынан болсақ, ол кісі қыр жағынан. Үйіне арнайылап барып, ел, әдебиет жайында әңгімелесеміз, ағалық ақынның айтып тұрады.

– Жуырда туған жерге бардыңыз. Қалай өзгеріпті, не байқалдыңыз?

– Аралаға көбірек барғым келіп тұрады. Барғанда жақсы адамдармен жолығамыз. Қазір әңгіме айтағындай адам қалмады. Туыстар жан-жаққа көшіп кетті. 60 жасқа толғанып сол кездегі аудан әкімі Нажмaddin Мұсабаев арнайы шақырды. Сонда байқадым, ел өзгеріп кеткен. Ескі Бөгенде өңі үйіне қалыпты. Көбі облыстық ғой, қалыңдыру саясатымен орталыққа қоныс аударған. Бөгеннің сусыма құмы көшіп, үй арасына таудай боп үйіліп қалыпты еді. Өзім тұрған үйдің орнын таппадым. Жаңа мектеп салыпты. Бұрын бір оқыған екі қабатты мектеп көзімізге әзілдім қиырат болып көрінетін, оған да 100 жыл болыпты. Сол мектептің әлі тұр.

Қазір адамдардың табиғатқа деген жанашырлығы азайған. Кіші Аралдың төңірегін айтпайын, балықшы жерлестеріміздің көбінде табиғатқа деген жанашырлық көзқарас жоғалған, табиғатты тонау принциптері жүріп жатыр. Кішкентай гана теңіз жағалауында 6-7 балық зауыты бар. Ауылға барғанда балықты у шашып, теңіздің астына лампа қойып, қит аулаған секілді сүзіп алатындарды естіп жаным түршікті. Қытайдың торымен әбден сүзіп алатындары да бар екен. Балықтың ұылдырық шашатын мезгілі болады, балыққа көбею үшін екі-үш ай уақыт береді. Оған қарап жатқандар аз, табиғатқа аяушылықтан гөрі, қатыгездік көзқарас басым. Ауылға барғанда осы жағдайға жаным ауырды, «У мен ұылдырық» деген повесть жаздым. «Қазақ әдебиеті» газетіне үзінді шықты. Ал енді повестьтің толық нұсқасы «Жұлдыз» журналына басылып шығады. «Алтын көр-

Қуаныш Жиенбай, жазушы:

«Сөз қадірін түсіріп алмау керек»



се, періште жолдан таяды» дегендей, лицензиямен балық аулау бір бөлек, коммерциялық жолмен пайда тауып, солтүстіктен оңтүстікке ағылған кәсіпкерлермен әр бұтаның түбінде есеп айырысып жүргендер бар. Бұл өзіміздің көргеніміз емес, бірақ ауылдың ақсақалдары айтып, ренжіп отыр. Балықты умен аулау деген не сұмдық?! Ал кәсіпкерлерге бәрібір.

– Әңгімелеріңіздің арқауы – қоғамдағы мәселелер. «Он мен түсте» күршінің жайын айтқан еліңіз...

– Шығармаларымның дені Аралдың тағдыры, табиғат турасында. Осы кезге дейін он шақты прозалық кітаптарым жарыққа шықты. «Өң мен түс» көрші елге деген қарсылық қой. Одан кейін «Ақулаңның бір қасық майы» деген әңгімем шықты. Ал екі-үш күнде «Қуандық жылы жаңбыр» деген әңгімелер мен повестер жинағым қолға тиеді.

– Апта бұрын өткен «Алтын қалам» байқауында «Жылдың үздік прозасы», «Киносенарий және драматургия» аталымдары бойынша жеңімпаз атандыңыз. Соңғы уақытта драматургиядан серпіліс байқалмайды...

– Кеше ғана Алматыдан келдім. «Алтын қалам» әдеби бәйгесінің екі номинациясын еншіледік. Драмалық шығармалардың қаламгерге тиімді тұсы айтатын ойыңды, эмоцияңды 30 бетке ғана сыйғыза аласың. Ал сол шығарманы прозалық тілге аудару үшін 300 беттей роман жазуға тура келеді. Сондықтан автор ойын жеткізудің тиімді жолы – драматургия. Қазір 6-7 пьесам бар. Қызылордадағы осы сала мамандары сахналаймыз деп пьесамды алған, бірақ хабар жоқ.

– Журналистиканың қазіргі жағдайына келсек. Қазіргідей алақүйің ақпарат заманында журналистер негі ескеруі керек?

– Аға ұрпақтың кейінгі буына қашанда көңілі толмайды. Бұл бұрыннан белгілі жай. Журналистикаға айтылатын сынын алғашқысы журналистік кадрлар

дың шектен тыс көп дайындалуына байланысты. Баяғыда осы сала бойынша жыл сайын тек ҚазҰУ-ды 25 адам оқып бітіретін. Қазір кез келген жерде журналистика факультеті бар. Шымкенттің Сарыағаш деген ауданында жергілікті жерден құрылған бір оқу орны да журналистика факультетін ашып қойыпты. Бұл сандық, сапалық көрсеткіштің бәрін жоқ қылып жіберді. Жастардың технологияға ілескені, ақпарат ағынынан хабардар болғаны дұрыс. Бірақ адамның сөздік қоры деген болады. Қазір журналистердің сөз

ді. Бұл теңіз тартылған 1960 пен 1970 жылдардың арасы. Құрылыс мекемесінде бетоншы болып жұмыс істедім, канал қаздық. Осының бәрі маған сабақ болды. Қазалы аудандық «Ленин туы» газетіне Әлмәмбет Әлішев жұмысқа шақырды. Корректор болып қызметке кірістім. Әлі есімде, бірінші рет «Қызыл Ту» қолхозындағы 4 товарлы сүт фермасындағы рапорт тапсыру жиынына жіберді. Бұл – Кеңес Дүйсекевтің туған ауылы. Тұңғыш рет командировкаға шығуым, жақын ауыл болға-

сын жаяу-жалпылап жетіп бардым. Жұрттың бәрі мойнына қызыл лента тағып, ақ халатпен жүреді деген қиялмен барғаным ғой. Оның бірі де жоқ. Тек екі сауыншы жүр. Ұрандатып жүргеніміздің бәрі жалған екен. Сүт тапсыру көрсеткіші туралы ақпараттан сауыншылардың хабары да жоқ. Сол жылы мен Кеңес үкіметіндегі, қоғамдағы өтірік айтуды алғаш сондай. Сөйтсем, менің баруымның да қажеті жоқ, болмағанды болғандай қылып, ауылда отырып-ақ жазуыма болады екен. Келгеннен кейін редактор «репортаж дайын ба, номерге салайық деп жатырмыз» дейді. «Жоқ, аға. Ештеңе көрген жоқпын» дедім. «Жұмыстан шығасың, арыз жаз» деді. Сосын арыз жазып едім, ойланған болуы керек, сәлден кейін «тағы бір сынақтан өтесің» деп жұмыста қалдырды. Кейін Әлмәмбет Әлішевтің 70 жылдығында «Есіңізде ме, мені жұмыстан түске дейін шығарып жіберіп, түстен кейін қалдырағансыз» деп есіне салдым.

ҚазҰУ-де оқып жүріп, 4-курсдан бастап тиражы 300 мыңға жететін «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істедім. Қазіргідей топан газет жоқ. Тек «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттері ғана бар. Оған жұмысқа орналасу да қиын болатын.

– Оқырманды жоғалтпау, жалықтырмау үшін сағы көп, сапасы жоқ басылымдарға шектеу қою керек болар...

– Қазір қоғамда газеттің қағаз нұсқасы жоғалады дегендей пікір айтылып жүр. Бірақ, Лондонға барғанымда көшеде миллион данамен тарайтын газеттер барын байқадым. Әр газетте шамамен 100 бет бар. Қағаз форматы газеттің болашағы жоқ шығар дейсің. Бірақ, Нью-Йорк, Токиода газет тарап жатыр. Қазір елді ештеңемен таңғалдыра алмайсың. Мұхтар Әуезов тіріліп келсе де, ешкім таңғала қоймас. Адамның қабілеті деңгейі жоғары. Мүмкін оқырманды селт еткізе алмайтын шығармыз. Мүмкін, оқырман мен жазушының итіндігі сай емес. Оқырманның таламы басқа болуы мүмкін. Айталық, қазір 11-сынып оқитын балалар менен әлдеқайда білімді.

Көп журналистердің айлығы аз. Қытайға барғанымда бір газетке интерью бердім. Түстен кейін қонақүйге арнайы келіп, 1000 юань ақша тапсырып кетті. Байқағым, журналистердің тұрмыстық жағдайы көтерілгенде ғана күйбең тұрмысқа алаңдамды, жазған дүниесінің өтемі болатынын біліп отырады. Ол журналистің сөзі қадірлі. Сонда сөздің қадірін түсінеді. Баскелестік сонда болады.

– Өткен гасырда журналистика жанноздарының көзін көрдіңіз. Қалай ойлайсыз, бүгінгі бұрын оларды жете танып, қадірлей алып жүр ме?

– Қошмабай Сүйінішов, Қазі Данабаев сынды өмірден озған қаламгерлердің есімін жаңғыртып тұрған абзал. Айжарық Сәдібеқұлы, Әскербек Рахымбекұлы қандай жақсы қаламгерлер?! Ал, өзіме республикалық басылымдарға қызметке орналасқан соң, «Сыр бойы» газетінде жұмыс істеу бұйырды. Мүмкіндігім болмады.

– Қазір не жазып жүрсіз, қандай кызметтесіңіз?

– Қарап жатқаным жоқ. Ұлттық музейде «Мәдени мұра. Күлтурные наследие» атты екі тілде шығатын журналдың бас редакторымын. Басылымда қазақ елінің мәдени мұраларына қатысты, мәдениет, археологияға байланысты дүниелер жарық көреді.

– Рахмет!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
Қызылорда-Нұр-Сұлтан-Қызылорда.

Алтынның сырын, уранның тілін білген

БҰҰ-ның экспертi, профессор Гаухар Сейтханқызы туралы бiр үзiк сыр

Алтын сияқты уран да таңғаларлық қасиетке ие металл. Ол атом энергетикасында ғана емес, медицинада, ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте пайдаланылады. 1 келі уранның әлеуеті 3 миллион келі көмірдің қуатына тең. Ол ешқашан таза күйінде кездеспейді, кеннен қышқыл ерітіндісі арқылы ажыратады. Бұл – ұзақ әрі күрделі үдеріс. Ал арнайы жетілдірілген биомасса бұл үдерісті анағұрлым тездетеді. Экологиялық таза, экономикалық тиімді инновациялық технология полиметалдық кендердің гидрометаллургиялық мәселелерін шешуде жана мүмкіндіктер туғызып отыр. Бұл Қазақстан үшін ерекше маңызды.



Гаухар Сейтханқызы – ұзақ жылғы ғылыми ізденісі мен сол жолда төгілген маңдай терін металлургия өнеркәсібіне арнап жүрген еңбегі жемісті, мақсаты келісті ғалым. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті жанынан ашқан «Алтын, уран және полиметалл кендерінің биоготехнологиясы» деп аталатын ғылыми-зерттеу зертханасы бар. Көп жылғы ізденісі мен тәжірибесі нәтижесінде металды (алтын, уран) сілтіден айыру тәсілін ашып, өндіріске енгізді.

Бұл ғылымдағы ерекше жанаулық, сәл әсірелеп айтсақ, ғылыми құбылыс болды. Осы жетістігі Гаухар Сейтханқызы Тұрсыбекованың есімін әлемдік биометаллургияның тарихына өшпестей етіп жазды. Мұны әріптестері Гаухардың «сыңырлы эликірі» деп атаса, Мәскеудің Болат және қорытпа институтының ғылыми хатшысы Л.Н.Лобова «Гаухар Сейтханқызы қазіргі әлемдік биометаллургияның анасы» деп орынды мақтан етті.

Бала кезінен елгезектікке, еңбекқорлыққа, талапшылыққа баулыған қазір жасы сексеннің үшеуіне табын тіреген Сейтхан ақсақалдың саналы ғұмыры педагогтік салаға арналған десе де болады. Алдымен мектепте мұғалім, оқу ісінің менгерушісі, сосын аудандық партия комитетінде түрлі жауапты қызметтер атқарды. Ұзақ жыл орта мектептің директоры болды. «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» төсбелгісінің иегері. Гаухардың анасы Үміт Қалиқызы да өмірін ұстаздыққа арнаған ұлағатты жан. Бастауыш класстардың білікті маманы-тұғын. Қос ұстаздың қолынан тәрбие алған Гаухардың білімге деген зейіні ерекше еді.

Ол Шиеді кентіндегі №45 қазақ орта мектебін бітірісімен Алматыдағы политехникалық институтқа түсті. Оны өте жақсы тәмамдады, қайсарлығы, сүйкімділігі, адамды өзіне тарта білетіндігі, бәрі-бәрі Гаухардың мерейін асырып, жолын аша түсті.

Осының бәрі жас ғалымға минералдық шикізатпен зерттеу жүргізген кезінде елеулі пайдасын тигізді. Ол инновациялық пікір айтып, ой тастап қана қойған жоқ, іс жүзінде асырумен де айналысты.

Ғылымның келесі баспалдағы оны көп күттірген жоқ. Мәскеудің Болат және қорытпа институтының сирек ұшырасатын және асыл металдарды байыту кафедрасының аспиранты болды. Бұл бұрынғы Одақ тұсында металлургияға ең таңдаулы институты саналған. Мұнда да шыңға көтерілудің сәті түсті. Көрнекті ғалымдар Гаухар Тұрсыбекованың бірегей алғырлық қабілетіне орынды мақтау айтыпты. Оның металлургияға арнап әзірлеген бірегей технологиясы бойынша жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми кеңес тарапынан жоғары бағаға ие болды. Әлі күнге дейін институт қызметкерлері Гаухар Сейтханқызының бірегей технологиясымен жұмыс атқарып келеді, аспиранттар болса диссертациясына материалдарын пайдаланып, ғылыми жұмыстарын жалғастырып жүр.

Гаухар Сейтханқызы Мәскеудің алмас зертханасында әбден қырланып, өңделіп шықты. Алтынды айырып алу технологиясымен айналысу және жыл сайын жұмыс көлемін арттыру арқылы бойын-

дағы барлық сапалы, жақсы қасиеттерін Қазақстанда көрсете білді. Иә, мәскеулік ғалымдар мұндай мамандардың алтынмен пара-пар екенін үнемі айтып жүр. Дегенмен, әлем таныған Гаухар Сейтханқызының қайраткерлігі биотехнологиялық тәсілмен шектелмейді. «Гиналмаз-золото» директорының орынбасары, «Алтыннамас» АҚ-ның жетекші маманы кызметінде жүргенде жер қойнауын пайдалануда өз қабілеті мен талантын таныта білді. «Барлық істе ең маңыздысы – нәтиже» деген қағидаты берік ұстанған Гаухар өзінің көп қырлы ұйымдастырушылық қабілетін толық деңгейде көрсетіп жүр.

Өткен ғасырдың 90-жылдары Гаухар Қазақстандағы жалғыз биометаллургия болатын. Оның бірнеше оқулығы, авторлармен бірігіп жазған монографиялары осы саланы игеруге талпынып жүрген студенттер мен ізденушілердің қолынан түспейтін білім құралына айналғаны қашан. «Алтын: жаңа шикізат көздері, қайталап металлургиялық өңдеу және тазарту», «Алтын: Химия мен металлургиядағы шеңберлер», «Табиғи нанобөлшектер мен нанокұрылымдар», «Бактериялық сілтәу технологиясы», «Алтын және уран биометаллургиясы», т.б. монографиялары (бірілесіп жазған авторлар: М.А.Меретуков, Е.К.Бектағи) еліміздің ғана емес, алыс-жақын шет елдердің металлургия өнеркәсібіне мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарына да кенінен таныс.

Гаухар Сейтханқызы биотехнологияны дамыту мен минералдық ресурстарды саралауға байланысты Женева, Пекин, Дубай, Мәскеу, Прага, Бішкек, Ташкент, т.б. әлем қалаларында өткен конгрестерге, конференцияларға, түрлі ғылыми басқосуларға қатысып, баяндамалар жасауды өз дағдысына айналдырған. Соңғы 5 жылда 11 ғылыми мақаласы мен баяндамасы осындай үлкен форумдарда оқылды. Осы мерзім ішінде 3 монографиясы жарық көрді. Еліміздің, сонымен қатар шет елдердің кен орындарында болып, теория мен тәжірибені қалай ұштастыр жатқанын бақылап жүреді.

БҰҰ-ның Минералдық қор сыныптамасы жөніндегі эксперт тобының мүшесі, «Алтын, уран және полиметалл кендері биоготехнологиясы» ғылыми-зерттеу зертханасының менгерушісі Гаухар Сейтханқызы қазіргі уақытта 4 жоба бойынша ғылыми жұмыстар жүргізуде. Солардың бірі – оның жетекшілігімен Қазақстанның уран кені орындарының бірінде жерасты ұңғымасы арқылы биосілтәсіздендіруді қолданудың қарқындылығын арттыру бірегей жобасы жүзеге асырылуда. Жуырда «Сәтбаев» алтын металын иегері, профессор Гаухар Сейтханқызы Тұрсыбекова Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті металлургия және өнеркәсіптік инженерия институтының директоры болып тағайындалды.

Жерлес ғалымды жаңа лауазымымен шын жүректен құттықтай отырып, ғылымның аскарына шыққан Гаухар Сейтханқызы Тұрсыбекованың дүниежүзілік техника ғылымының дамуына қосқан үлесі де, қосар үлесі де қомақты екеніне сенеміз.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТУЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстанның Күрметті журналисі.

БЕКСҰЛТАН БАЙКЕНЖЕЕВ-70



Ардақ тұтар азамат еді



Байкенжеев биігі немесе «Ақбаян» әні өмірге қалай келді?

«Әкем ән өнерінің биігінде әлі тұр. Тұра да бермек. Бір «Ақ баянның» өзі халық жүрегінде мәңгілік қалды. Демек, ол әні барда көптің арасында бола бермек. Әбсұлтан ағамен кездескенде осылай дегені есімде қалыпты. Бексұлтандай композиторды дүниеге әкелген Жаңақорған жеріндегі сапарда дақты музыканттың ұлымен бір уақ әңгімелесудің сәті түскен еді...»
Ержан ҚОЖАСОВ.

Халық артисі Зейнеп Қойшыбаева, ҚР еңбек сіңірген артисі Мәдина Ералиева, сондай-ақ Суат Әбусейітов, Венера Қармысова, Люция Төлешова, өзінің шәкірттері, мәдениет қайраткері Сауран Елеуов, Әбдірейім Өміров, Дүйсенхан Сыздықов, Оразғали Бидашов Бексұлтаннның әндерін көпшілікке танытуда көп еңбек сіңірді. Айтпақшы, Бексұлтан жазған әндердің көбісіне «ақ» сөзі («Ақбаян», «Ақшолпаным», «Ақ гүлім», «Аққу», т.б.) арқылы тақырып қойылса, оның бар сыры анасының есімі Аққу болуында жатыр. Ұлының айтуынша, әнші-композитор көбіне-көп әндерін анасының құрметіне, сонымен бірге қазақ әйелдерінің сұлулығына арнаған сияқты көрінеді де тұрады.

Бексұлтан Байкенжеевтің қазақ ән өнерінде өзіндік орны бар. Еңбек жолын туған жеріндегі аудандық мәдениет бөліміне қарасты автоклуб меңгерушісі болып бастаған композитор ән шығарудан бөлек, драма үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Көптеген пьесаларда басты рөлде ойнап, көрермен көңілінен шыға білді.

Қосүйенкідегі қарапайым қой баққан қазақтың ұлы өнер десе ішкен асын жерге қоятын. Оқушы кезде интернатта жүріп, домбыра шертіп, баян сабын үйренген оның ән әлеміне апанат қағуы осы кезден басталды.

Сәл кідіріс жасап, композитордың шығармашылық жолына тоқталмастан бұрын «Ақбаян» әнінің шығу тарихын айтсақ. Осы әнді Сырдан шыққан сыршыл әнші, марқұм Мәдина Ералиева орындап, әннің атауы әншінің екінші есімі болып кетті. «Қазақтың Ақбаяны» атанған Мәдинаның бағын ашқан осы әнді Бексұлтан институт қабырғасының бірінші курсына жүріп жазғанын біреу білсе, біреу білмес.

Бірінші курста оқып жүргенде Қармақтың Ақжар ауылында туып-өскен, филология мамандығында қатар оқыған Баян деген апайдың туған күніне тарту болған ән еді ғой бұл. Әкем Әбдімәлік Сыздықов деген досына өтініш айтып, әннің сөзін жаздырыпты. Ол кез студенттердің қалтасы таяз уақыт, үлкен сыйлық апаруға мұрша қайла? Туған күнге сый етіп, әкей осы ғажайып туындыны дүниеге әкеліпті. Қызылорданың «Шанхай» деп аталатын шағын ауданында бас қосқан кешкі сауықта ән тұңғыш рет орындалды. Бұл 1968 жылы болған, – дейді композитордың ұлы Әбсұлтан аға.

«Ақбаян» – бар болғаны бір сағатта туған ән. Әбсұлтан ағаның әкесінен естігенінің ізмен айтсақ, әнді алғаш орындау сол кезде М.Мәметова атындағы педагогика училищесіне оқуға енді ғана түскен Қазалының «сары қызына» бұйырыпты. Бұл «сары қыз» кейін қазақ жұртына белгілі болған Мәдина Ералиева екен. Туған күн кешінде Мәдинаның орындаған «Ақбаян» әні кейін радио арқылы Сыр бойынан асып, республикаға тез тарды. Бір сөзбен айтқанда, әншінің елге белгілі болуының бір сыры – ән шығарушы композитордың еңбегінде еді.

Марқұм Мәдина апамыз елге келгенде әкеме сөкпай кетпейтін. «Мәдина атымы ел ұмытқалы қашан, мені жұрт Ақбаян атап кетті ғой» деп күлетін. Әкем осы тұңғыш әнінен кейін «Женешем», «Ақшолпан», «Ақ гүлім», «Аққу» сияқты әндерді жарыққа шығарды. Институт бітірген соң өмірінің соңына дейін аудан орталығындағы Әлшекей атындағы өнер мектебінің директоры болып, қызмет істеді. Ән жазып қана қоймай, көп шәкірт тәрбиелеп кетті, – дейді Әбсұлтан аға.

Ол жүзден аса ән жазған. Көбісін елге белгілі әншілер орындады. Қазақстанның

Жаңақорған ауданы.

Өмір деген осы, уақыт шіркін ұшқан құстар зымырап өтіп барады. Жетпіс жасқа жақындағанда көргендер мен көңілге түйгендерді безенге саласын. Біреуден ілгері, біреуден кейін ғұмыр кешіп, талай азаматтармен сыйлас та сырлас болған сол бір күндерді сағыныпшпен еске аласың. Өнегелі өмір жолымен жүрген айтулы азаматтардың артында қалған өмірес іздері мен өлмес істерің ұрпақтарға ұлағат ету – бізге парыз. Осындай ардақ тұтар жанның бірі – Сраждин Балмағанбетов болатын. Сыркеннің бұл өмірден өткеніне бір жыл жылжып өте шығыпты.

Сыркеннің денсаулығының сыр бергені қаш-шан, бес жылдан астам уақыт бойы аурумен арпалысып, сырқатына бой бермеген. Тұла бойын тік ұстайтын. Жаны жайсаң, жүрегі жомарт, үлкенге ізетті, кішіге құрметті көшпелі кісі болатын. Содан болар ақырын жүріп, анық басып, өмірден өтті.

Есімі Сыр өңіріне танымал аға жайлы не жазармыз ойлаумен болдым. «Сраждин аға өмірден өтті» деген суыт хабар жетісімен отбасына ат басын бұрғанмын. Бір таңғаларлығы, Сыркеннің жұмыс бөлмесіндегі жазу столының үстінде жазбалар жатыр. Шұқшия қарап, көз сүзгісінен өткізейін. Сөйтсем, Сыркен өзінің жерлеу рәсіміне қатысуға тиіс ағайын-туыс, әріптестері мен дос-жаран, құда-жежжаттар есімін өз қолымен жазып, аманат етіп қалдырыпты. Айжарық аға Сәдібекұлы екеуміз Сыркен жазбаларына көз салып, қайран қалғанбыз. Жазуы қандай десеңізші, тайға таңба басқандай. Бір әріп не үтір-нүктеден қылаудай қате жоқ. Шынында да Сыркен ағайын-туысына ғана емес, жалпақ жұртқа шуағын шашумен өмірден өтті. Оған 45 жыл бойы сыйлас та сырлас, тұз-дәмдес әрі құдандалы-жежжат болған мен қуәмін. Айтпайын.

1973 жылдың күз айы болатын. Еңбек жолымды кезіндегі Терөзек аудандық «Еңбек туы» газетінде бастағанмын. Үй-күй жоқ, ел жағалап жүргенбіз. Ол кезде компартияның дүркіреп тұрған шағы. Аудандық партия комитетінің саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі Сраждин Балмағанбетовпен кездесудің сәтін салды. Жылы шыраймен қарсы алған ол:

– Инім, мен Қазақ ССР 50 жылдығы атындағы совхозға (қазіргі Н.Лиясов ауылы) бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметіне барғалы жатырмын. Есітуімше, үйің жоқ көрінеді. Біздің жатаған



үйіміз бар, егер ұнатсаңдар сол үйге қоныстаныңдар, – деген-ді.

Сонымен Сыркеннің үйіне қоныс аударып, шуақты шаңырақты шапағатына кенелгеніміз бар. Рауна есімді тұңғыш қызымыз да осы бір киелі шаңырақта өмір есігін ашты. Жоғарыда айтқандай, Сырағамен жарты ғасырға жуық уақыт бойы тонның ішкі бауындай аралас-қураласа ғұмыр кештік.

Сырағаңның өмірлеріне сәл-пәл ғана шегініс жасалық. Ол 1937 жылдың ақпан айында айдыңды Аралдың Ақбасты ауылында өмір есігін ашты. 1956 жылы Аунан орта мектебінен орта білім алып, 1956-1961 жылдары Қызылордалағы Н.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқыды. Еңбек жолын Терөзек ауданы (қазіргі Сырдария) Абай атындағы орта мектепте ұстаз болудан бастады. 1963-1967 жылдары кенттегі №36 Жданов (қазіргі Ә.Тәжібаев) атындағы орта мектеп директорының орынбасары, аудандық кенес атқару комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Заң бұзған жазасыз қалмайды

Әдеп жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Кеңес төрағасы Н.Талқанбаев күн тәртібіндегі 5 мәселені таныстырды. Кеңес мүшелері әуелі облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ж.Абдуәметовтің өзі жетекшілік жасап отырған құрылымда мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалары, Әдеп кодексі бұзушылықтарының профилактикасы бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы есебін тыңдады. Басқармада сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша медициналық ұйымдармен бірлескен іс-шара жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылуда.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Мәселен, «Ақмешіт – адалдық жолы» жобасы аясында биылғы жылға арналған денсаулық сақтау саласында тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, жобалық топ жұмыс жүргізілуде.

Заң бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау мақсатында облыстың денсаулық сақтау саласында көрсетілген 20 мемлекеттік қызметтің 17-сі толығымен автоматтандырылған. Қалған 3-і жыл соңына дейін автоматтандырылды. Емханалардағы еңбекке жарамсыздық парағы мен медициналық анықтамалар ақпарат жүйесіне енгізіліп, QR-кодпен беріледі. Бұл жүйе анықтамалардың шынайылығын мобильді қосымшасы арқылы тексеруге мүмкіндік беріп, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға септігін тигізетіні сөзсіз.

Тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің қолжетімділігін және сапасын арттыру мақсатында бас дәрігерлердің ішкі аудит жөніндегі орынбасарлары I-қабатқа орналасып, азаматтарға күнделікті қоғамдық қабылдау жүргізіледі. Басқармаға түскен арыз-шағымдар «Тұлғалар өтініштерін бірыңғай есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркеліп, жауап беру мерзімінің сақталуы бақылауға алынған. Жыл басынан бері денсаулық сақтау басқармасы мен медициналық ұйым қызметкерлеріне байланысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылық тіркелмеген.

Комиссия мүшелері атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп отырып, денсаулық сақтау мекемелерінде электронды кызмет үлесін арттыру, сондай-ақ басқарманың интернет сайтында мемлекеттік са-

тып алулар бойынша толыққанды ақпараттарды орналастыру жөнінде ұсыныстарын айтты.

Келесі кезекте облыстық қазынашылық департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі Ә.Есқараевтың 2019 жылдың 10 айында атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Департаментте Әдеп кодексіне сәйкес стандарттарды сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуімен қатар, Әдеп нормаларын бұзудың алдын алу мақсатында, мемлекеттік қызметкерлердің әдептік деңгейін жоғарылату үшін семинарлар өткізілген. Оған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңесінің мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары қатысқан. Әдеп жөніндегі комиссия мүшелері облыстық қазынашылық департаменті ұжымы әр уақытта жақсы бастамаларымен көзге түсіп жүргенін атап өтіп, тиісті ұсынымдарын енгізді. Үшінші мәселе бойынша Арал ауданындағы жергілікті атқарушы органдардың бірыңғай тәртіптік комиссиясы жұмыстарының нәтижелері қаралды. Мұнда бірқатар мемлекеттік қызметкерге аудандық Тәртіптік кеңес тарапынан берілген тәртіптік жаза осы комиссия мүшелерінің келісімісіз алып тасталған.

1971-1975 жылдары Терөзек аудандық партия комитетінің саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі болған Сырағаң аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаевтың нұсқауымен Қазақ ССР 50 жылдығы (қазіргі Н.Лиясов ауылдық округі) атындағы совхоздың бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметіне жіберілді. Осы қызметтегі соқпақты жолдарды төмендегіше еске алушы еді.

– Аудан басшылығындағы Қонысбек Қазантаевтың қатал да талап-шығарған билесіздер. Шаруашылықты Социалистік Еңбек Ері Алдабергін Бисенов басқарды. Бұл екі кісімен тіл табысып, қалтқысыз қызмет ету оңайға соққан жоқ. Жүктелген міндеттің жауапкершілігі мол болатын. Қызметімді ауыл арасында болған келенсіз әрекеттерді, психологиялық ахуалды мұқият зерттеуден бастадым. Ауыл ажарын келтіру және мәдени-әлеуметтік жағдайларын жақсарту мақсатында да нақты шараларды жүзеге асырды. Түптеп келгенде, ауылда бірқалыпты жұмыс атмосферасы қалыптасты. А.Бисенов басқарған жылдары ауылымыз аудан ғана емес, облыс аймағында көш басында тұратын.

Сырағаң 1985 жылы ұстаздық жолына қайта оралып, Терөзек кентіндегі №131 орта мектептің директоры қызметіне тағайындалды. Ал, 1989 жылы кезінде тұралап тұрған №10 кәсіптік-техникалық училищені қайта қалпына келтіру үшін директорлық қызметке келді. Киюы кеткен білім ордасын қалпына келтірумен күлкісіз күн, үйкесіз түн өткізіп жүргенде құдай қосқан қосағы Алтынай жемізі мезгілсіз өмірден озды. Жемізіміз әрі құдағайымыздың ақ дастарханынан талай дәм татқанбыз. Ақжарқы, дастарханы мол болатын. Жұбайының өмірден ерте кетуі оның өзегіне өкініш салды. Шүкір, артында алты ұл мен қыз қалдырып, отбасының отанасы атанып өмірден өтті ғой. Тағдырдың жазмышына қолдан келер шара жоқ. Жо... жоқ, бар екен.

Алла сәтін салып 1999 жылы Сырағаң Жұстайқызы Нағимамен бас қосып, шаңырақты қайта тіктеді. Алтынайдың орнын басқан Нағима да тегін емес, текті екен. Жиырма жыл бойы қосағымен қоса ағарып, нүкте-қояр сәтте оның тірлігі-болмысы көз алдыма көбейеумен тұрды. Бауыр еті балаларын жетілдіру, қатарынан кем қылмай тәрбие беру, ата-ана атына кір келтірмес азамат атандыру – басты ұстанған қағидасы болатын. Оның бейнесі бізге ақ жолдан аласпауды, шындық үшін шығаралғанға түссен де жаза баспай жүруді мәнзеп тұрады. Ол кісінің кимісі мені жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері өзгелерден озық болатын. Шындықты, адалдықты жақтайтын. Тағы бір ерекшелігі, бақтасты, іштарлық, көреалмаушылық, дан-ғойлық пен мақтаншақтық, бекерге малшапшақтықтан бойын аулақ ұстайтын. Бұл ағамыздың ақырын жүріп, анық басуды басты ұстаным етіп, соқпағы мол өмір жолымен сүрінбей жүруді мұрат тұтқанынан болар, сірә.

«Әлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған» демеуші, Сырағаңды өлді деуге әсте болмайды, өйткені уаға қонған ұдалар, қиға қонған қыздары бар, айдаласына шашқан өшпес шуағы бар.

Еркін ӘБІЛ, журналист.

тып алулар бойынша толыққанды ақпараттарды орналастыру жөнінде ұсыныстарын айтты.

Келесі кезекте облыстық қазынашылық департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі Ә.Есқараевтың 2019 жылдың 10 айында атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды.

Департаментте Әдеп кодексіне сәйкес стандарттарды сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілуімен қатар, Әдеп нормаларын бұзудың алдын алу мақсатында, мемлекеттік қызметкерлердің әдептік деңгейін жоғарылату үшін семинарлар өткізілген. Оған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңесінің мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары қатысқан. Әдеп жөніндегі комиссия мүшелері облыстық қазынашылық департаменті ұжымы әр уақытта жақсы бастамаларымен көзге түсіп жүргенін атап өтіп, тиісті ұсынымдарын енгізді.

Үшінші мәселе бойынша Арал ауданындағы жергілікті атқарушы органдардың бірыңғай тәртіптік комиссиясы жұмыстарының нәтижелері қаралды. Мұнда бірқатар мемлекеттік қызметкерге аудандық Тәртіптік кеңес тарапынан берілген тәртіптік жаза осы комиссия мүшелерінің келісімісіз алып тасталған.

Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері оның заңға қайшы екенін айтып, Арал аудандық Тәртіптік кеңес төрағасы Н.Бокаевқа жол берілген заңсыздықты жоюды тапсырды.

Бұдан кейін Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Ж.Нұрсейітовтің тәртіптік ісі қаралды. Оның бұрынғы әріптесі жұмыстан тыс уақытта кездескен кезде өзіне тіл тигізіп, балағаттағанына шағымданған. Бұл жайға куәгер болған бар. Комиссия мүшелері мемлекеттік қызметкер қызметтен тыс кезде де әдеп нормаларынан ауытқымауы тиіс екенін алға тартып, Нұрсейітовке «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс берді.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің әкімі Ж.Мұратбаевтың тәртіптік ісі қаралды. Ол тұрғын үйді жекешелендіру барысында заңсыз әрекеттерге жол берген. Атап айтқанда, 2016 жылы мемлекет меншігіне алынған қызметтік пәтерді жекешелендіру жөнінде шешім шығарған. Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері жан-жақты талқыланған бұл тәртіптік іс қорытындысымен Қазалы ауданының әкіміне мемлекеттік қызметте теріс қылықтарға жол бергені үшін Ж.Мұратбаевқа «қатарынан мемлекеттік лауазымынан шығару» түріндегі тәртіптік жазаны қолдануды ұсынды.

«Денсаулық» пойызы көмек көрсетті

«Денсаулық» медициналық пойызы облыстың 12 теміржол станциясында болып, жергілікті тұрғындарға тегін медициналық көмек көрсетіп, бірқатар күрделі ауруларды анықтап, одан әрі емделу мен тексерілуге жолдама берді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры корпоративтік коммуникациялар департаментінің берген мәліметіне сүйенсек, медициналық пойыз дәрігерлері барлығы 10393 науқасты қабылдаған, оның 554-і бала. Пойыз кішігірім хирургиялық операциялар мен скринингтер жасауға қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Осының негізінде 312

шағын хирургиялық ота жасалса, 610 ЭКГ процедурасы, 617 УДЗ және 199 флюорографиялық тексеру жүргізілген. Тұрғындардың ең көп қаралған дәрігерлері атап айтқанда, офтальмолог, оның қабылдауында 805 адам болған, стоматолог 705 келушіні тексеріп үлгерген. Сонымен бірге 610 адам кардиологтың, 705-і лор маманының және 668 азамат уролог-дәрігердің

қабылдауында болған.

– Үздіксіз қайталанатын эпидемия ауруы бар бала «Ақсай» республикалық балалар ауруханасына жатқызылды. Ең көп таралған сырқат түрі бұл – темір ташшылығы анемиясы. Сонымен қатар балалардың 80 процентінде қарнес, яғни, тіс жетісі бар. Бұл ересектерде де жиі кездесуде, – делі педиатр. Қазақ ұлттық медициналық университеті балалар аурулары кафедрасының профессоры Татьяна Имамбаева.

Айта кету керек, жоба биылғы 29 сәуірден бастап жүзеге асырылып келеді. Оның мақсаты – еліміздің шалғай ауыл тұрғындарын тегін медициналық қызметпен қамту.

Жобаны «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан («Samruk-Kazyna Trust») әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп жүзеге асыруда.

Сондай-ақ, биылғы 20 тамызда «Жәрдем» мамандандырылған медициналық пойызы да іске қосылған болатын. Ол да осы сияқты медициналық көмекке қолы жетпейтін шалғайдағы станциялар мен ауылдардың тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық және консультативтік-диагностикалық көмек көрсетеді. Екі пойыздың іске қосылуынан бастап барлығы 50000-нан астам адам тексеріспен қамтылған.



Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондай-ақ алдымен Алладан, онан кейін ақ желенділерден дертімізге дауа сұрайтынмыз анық. Талай жанды сырқатынан сауықтырып, дертіне дауа дарытын, елдің алғысына бөленген абзал жандар қашан да ел абыройы. Өзінің біліктілігімен, білімімен мыңдаған жаңға екінің өмір сыйлаған, өміріміздің денсаулық сақтау саласында жемісті еңбек етіп, саланың дамуына үлес қосқан дәрігерлеріміз қаншама?! Солардың бірі – дәрігер-уролог Әмірхан Тұрмағанбетов. Ол өмірінің 34 жылғын медицина саласына арнаған, сол жолда талай жанды ажал аузынан арашалап, сол игі ісінің нәтижесінде халықтың құрметіне бөленген майталман маман болатын.

Дәрігер дидары

Әмірхан Нұрғалиұлы 1957 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1975 жылы №217 орта мектепті бітіреді. Мектеп табалдырығында жүргенде-ақ ол өзінің зеректігімен, білімге деген құштарлығымен ерекшеленді. Қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. 9-сынып оқып жүргенінде ұзаққа созылған науқастан кесісі дүниеге салынып, Әкесінің науқасы жанына батқан ол дәрігер болуды армандайды. Мектепті бітірген соң анасы мен бауырларына қолғабыс етуді ойлаған ол еңбекке араласып кетеді. АТП мекемесінде жұмыс істеп жүргенінде мекеме басшысы Баянбай Сыдықұлы Әмірхан Нұрғалиұлының білімге деген құштарлығын байқап, Алматы медицина институтына жолдама береді. 1977 жылы дайындық курсына қабылданып, 1978 жылы I курс студенті атанды. 1984 жылы жоғары оқу орнын бітірген соң дәрігерлік еңбек жолын Қызылорда қалалық ауруханасында бастайды. Осылайша бала арман ақиқатқа айналады. Әмірхан Нұрғалиұлы ол жерде есімдері қала, облыс ғана емес, сонымен бірге республикаға танылған «алтын қолды хирург» атанған Шәрипбай Әлімжанов, Ернұс Омаров, Тұрғанбай Маханов, Бекет Бекішов сынды білікті ұстаздарға шәкірт болған.

Жастайынан «білсем, үйренсем» деген құштарлығы басым Әмірхан Нұрғалиұлы өз саласы бойынша ізденуден, үйренуден жалыққан да, шаршаған да емес. «Білімдінің мыңды жығатынын» жастайынан жадына сіңіріп өскен ол өзі бала кезі арман жетегінде жүргенін қалап алған азабы мен жауапкершілігі, қиындығы мен қызығы көп дәрігерлік мамандықты терең меңгеруге, көптің бірі ғана емес, бірегейі болуға, ақ желенің кір жұқтырмайтындай маман болуға талпынып, ол үшін көп білімнің керек екенін сезінді. Сөзінің гана қоймай, соған талпынды да.

Урология саласында теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, алдымен 4 айлық маманданудан өтті. Әрі қарай, яғни 1991 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтына қарасты Б.Жарбоосынов атындағы урология ғылыми орталығындағы 2 жылдық клини-

калық ординатураға түсті. Экологиялық жағдайы күрделі өңір халқының бүйрек ауруларымен сырқаттануының сырын зерттеп, осы тақырыпты ғылыми жұмысының негізі етіп алды. Сөйтіп 1994 жылы «Арал экологиялық апат аймағында пиелонефрит ауруының клиникалық пайда болуы мен таралу жағдайы» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғап, медицина ғылымының кандидаты атанды. Түрлі халықаралық ғылыми конференцияларға қатысқан ол 16 ғылыми еңбектің авторы, жоғары санатты дәрігер болды.

Дәрігерлер білімін жетілдіру институтының базасында өткен «Қатерлі ісіктерді анықтау мен емдеудің қазіргі заманғы тәсілдері», «Амбулаториялық урология», «Неотложная хирургия органов грудной и брюшной полости» тақырыптарындағы курстарға қатысып, тәжірибесін байыта түсті. Республикалық және облыстық басшыларда өзі емдеп жүрген ауру түрлерінен сактануды оқырманға үнемі насихаттап отыратын. Білікті маман ретінде Москвада, Санкт-Петербурда өткен конференцияға делегат болып қатысты. Алматыда, Ташкентте өткен республикалық, халықаралық съездерде экологиялық медицинаның түйткілдерін айтып, Арал аймағындағы медициналық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді көтерді.

Әмірхан Нұрғалиұлы бүйрек және несепп шығару жолдарының күрделі аурулары мен емдейтін жоғары білікті маман ретінде көпшілікке танылды. Қазақстан медицинасында урология саласының дамуына өз ықпалын тигізді. Ол урологиялық ауруларды тексеру, бүйрекке, қуыққа, несепп жолдарына күрделі операция жасаудың әдіс-тәсілдерін терең меңгерген маман ретінде әріптестері мен көпшілік алдында абыройға бөленді. Өзінің 34 жылдық дәрігерлік еңбек жолында қалалық ауруханадан бөлек, Сырдария аудандық ауруханасында, №4 қалалық емханада және облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығында қызмет атқарды. Қай ортада жұмыс істесе де ол өзінің болмысына біткен қарапайымдылығымен, көпшілігімен үл-

кен-кішіге сыйлы бола білді. Өзінің білгені кейінгі жас мамандарға үйретуден жалықпайтын жайдары мінезі көпшіліктің әлі де есінде.

Білікті маман соңғы уақытта тұрғындар арасында эндокриндік аурулардың белең алып бара жатқанына және бір бүйректен туылған балалардың кездесіп отыратынына алаңдаушылық білдіретін. Сонымен бірге ол бүйрек, қуық, белеулік ауруымен маман көмегіне жүгірнетіндердің жыл өткен сайын артып келе жатқанын уайыммен айтушы еді. Ол өз айтқан осы мәселелермен жоғары дәрежелі уролог-дәрігер ретінде күресуде білді. Талай жанды ажал аузынан арашалап, талайының науқасынан айығуына күш салды. Әмірхан Нұрғалиұлының аймақ медицинасын дамытуға қосқан үлесі, еңбегі өз кезегінде лайықты бағасын да алып жүрді. Атап айтқанда, ол ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, бірнеше мәрте облыс әкімінің, денсаулық сақтау басқармасының «Алғыс хатымен» және «Құрмет грамоталарымен», «Nur Otan» партиясының «Мақтау грамотасымен», 2014 жылы «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Әмірхан Нұрғалиұлы – білікті дәрігер, майталман маман ғана емес, сонымен бірге отбасының тірегі, ағайынның ардақтысы бола білген асыл азамат. Зайыбы Райхан Сыдыққызы екеуі 3 бала, 10 немере сүйген бақытты отбасы, немерелерінің сүйікті атасы еді.

Білікті дәрігердің Сыр медицинасының өркендеуіне қосқан үлесі ауыз толтырып айтарлықтай. Десек те, әлі де бергеннен берері мол еді. Бірақ, өмір бар жерде өлім де қатар жүретіні белгілі ғой. Әмірхан Нұрғалиұлының бұл фенимен қоштасып, мәңгілік мекеніне аттанғанына да жыл толып отыр. Ақ желенің дақ түсіремі, шинагерлік істің шебері атанған марқұмның адал ісі, еңбегі, жарқын бейнесі оның әріптестері мен көзкөргендердің, дертіне дауа тапқан талайлардың есінде мәңгі қалары сөзсіз.

**Болат ӘБДРАСИЛОВ,
Болат ШІРМЖАНОВ,
Қасымбек БАЙКЕНЖЕЕВ,
достары.**

Портал арқылы тапсырыс беруге болады

2020 жылдың I қаңтарынан бастап мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарына (бұдан әрі - ТОК) және арнаулы әлеуметтік қызметтерге Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы тапсырыс бере алады.

Мүгедектерді оңалту құралдарына протездік-ортопедиялық, сурдо-тифло-техникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ мүгедектер арбасы жатады. Арнайы әлеуметтік қызметтер жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының және санаторийлардың қызметтерін қамтиды.

Бүгінгі күні ТОК және жоғарыдағы қызметтер мемлекеттік сатып алу арқылы ұсынылады. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында 2020 жылдың I қаңтарынан бастап республика бойынша Әлеуметтік қызметтер порталы енгізіледі.

Порталдың енгізілуі оңалту қызмет-

теріне қажеттілікті айқындайды. Ең бастысы, көрсетілетін қызметтер мен оңалту құралдарының қызмет алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеу мәселелерін шешеді, себебі мүгедектер қажетті құралдар мен қызмет түрлерін өздері таңдай алады.

Порталды енгізу нәтижесінде ТОК және арнаулы әлеуметтік қызметтерді проактивті формат арқылы тағайындау бизнес-процестерінің мерзімі 1-2 аптаға дейін қысқарады. Мүгедектігі бар азаматтардың ұсыныстарына сәйкес техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің белгіленген бағаларын өтеу механизмі қарастырылған. Бұл анағұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдау барысында порталда қосымша төлем жасау функциясы қолжетімді болатындығын білдіреді.

Сонымен қатар, сертификаттары бар мамандар кеңінен қолжетімді болады, ал медициналық әлеуметтік мекемелердің (бұдан әрі - МӨМ) бірыңғай тізімінде барлық медициналық әлеуметтік мекемелердің жабықталуы мен жүктелуі ескеріледі.

Порталдың іске қосылуы оңалту құ-

Дәрігер атындағы турнир

Жуырда «Альбион» кешенінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен медицина қызметкерлері ардагерлер кенесінің ұйымдастыруымен республикаға еңбегі сіңген дәрігер София Макашеваны еске алуға арналған бильярдтан турнир өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Ардагерлер мен сала қызметкерлері қатысқан шарада ардагер Ернұс Омаров, көпбейінді облыстық ауруханасының бөлім меңгерушісі Рабига Бисенбаева, денсаулық сақтау басқармасының персоналды басқару және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Зауреш Сарбаева сөз алып, София Макашеваның дәрігерлік еңбек жолы, саланы дамытуға қосқан үлесі туралы айтты.

С.Макашева еңбек жолында Шиели, Сырдария аудандық денсаулық сақтау бөлімдерін басқарған. 1952 жылы Қызылорда фельдшерлік акушерлік мектебінің директоры болып, медицина қызметкерлерін даярлау ісіне де үлес қосқан. Облыстық денсаулық сақтау саласын 30 жыл басқарған. Екі рет «Еңбек Қызыл Ту», «Ленин», «Октябрь революциясы» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Тартысты ойын қорытындысында I орынды «Ардагерлер» тобынан Шакизат Төрбаева пен «Медицина саласының қызметкерлері» тобынан Габит Қыздарбеков иеленсе, II орынды «Ардагерлер» тобынан Әбдіғаптар Әміргалиев пен «Медицина саласының қызметкерлерінен» Болат Қашақов жеңіп алды.

Әкімшілік айыппұлдарды төлеу және рәсімдеу автоматтандырылды

ҚР Бас Прокуратурасының ұйымдастыруымен «Әкімшілік айыппұлдардың бірыңғай тізімі» (ӨӘБТ) жобасы аясында елімізде жол жүру ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды төлеу және рәсімдеу процесі автоматтандырылған.

Былғы сауір айынан бастап жол полицейлері ЖЖЕ (ведомстволық бағыныстылығы ішкі істер органдарының қузыретіндегі) бұзғаны үшін әкімшілік хаттамаларды электронды форматта планшет құрылғыларында толтырады.

Бұл салынған әкімшілік айыппұлды өтеудің тәртібін айтарлықтай жеңілдетіп, айыппұлды сол жерде баптын санкциясында көрсетілген соманың 50% көлемінде төлеу құқығын пайдалану арқылы, сондай-ақ ірі банкроттың қасалық бөлімшелері арқылы төлеуге болады.

Бұдан бөлек, банктердің www.kaspi.kz, www.post.kz және www.homebank.kz интернет-ресурстарында айыппұлды онлайн режимде, сондай-ақ олардың төлем терминалдары немесе ұялы қосымшалары арқылы төлеу мүмкіндігі бар.

Азаматтарға ыңғайлы qamqot.gov.kz және www.egov.kz мемлекеттік ресурстары да жұмыс істейді.

Айыппұл төленгеннен кейін бұл туралы мәлімет 15-20 минут ішінде жүйеде көрініс табады, бұл өз кезегінде азаматтарды мемлекеттік органдарға барудан және төлемді түбіртекпен растаудан босатады.

ҚР Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті press@kqr.kz

Хабарлама

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Батыс Түзкөл» компаниясының объектілерін электрмен жабдықтау жүйелерін жобалау жұмысы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-95-40.

Хабарландыру

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының 2019 жылдың 28 қазанында өткізілетін кезектен тыс жалпы жиынының шешімімен 2019 жылдың 12 қараша күні сағат 11.00-де серіктестік құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиынына қайтадан өткізілетін туралы облыстық «Сыр бойы» газетінде (29.10.2019 ж. №163) хабарландыру жарияланған болатын. Осы хабарландырудағы шақыру уақытының өзгеруіне байланысты 2019 жылдың 09 желтоқсан күні сағат 11.00-де төмендегі мекен-жайда серіктестік құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиынына қайтадан өткізілетін хабарлайды: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, А.Алиқбаев көшесі № 11А (Сапаржай ғимаратында).

Күн тәртібінде:
1. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының қосымша тізімі бойынша өз арыздарына сәйкес үлестерін сату, құрылтайшылар қатарынан шығару және қосымша тізімге сәйкес құрылтайшылар үлесінің бір бөлігін сату, жаңа құрылтайшыларды қосымша тізімге сәйкес қабылдау, жиналысының қорытындысымен белгіленген Жарғылық капиталын бекіту туралы және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу туралы.
2. «Сырдария-1» кредиттік серік-

тестігі ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Ағарларлық несиесі корпорациясы» АҚ-дан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2046 жылға дейін ашылған несиесі жөнінде ұлғайтып, несиесі жөнінде бекіту туралы және осы несиесі жөніндегі мүлкінен қамтамасыз ету мақсатында «Ағарларлық несиесі корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге кепілге серіктестіктің балансындағы жеңіл автокөлімдерді кепілге қоюға және сөз рәсімдерін сату құқығымен келісім беруі туралы және серіктестіктің депозиттік шотындағы ақша қаражатын кепілге қоюға, акцепсіз шығыстан шығару құқығымен келісім беру туралы.

3. «Ағарларлық несиесі корпорациясы» АҚ арқылы несиелендіруді рәсімдеудің жаңа бағытындағы шарттары мен т.б. ережелерін бекіту туралы.
4. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшылары арасында несиесі лимитін болу туралы.
Сонымен қатар құрылтайшыларға күні тәртібінде қосатын ұсыныс-пікірлерінің бар болса, жиналысына қатысуға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысына міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басшыларға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Жаныңыз болсын жұмақта



Осыдан бір жыл бұрын медицина саласының білікті маманы, ардақты әріптесіміз Әмірхан Нұрғалиұлы Тұрмағанбетов фониден озған еді. Әмірхан Нұрғалиұлы 1957 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1984 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітіріп, еңбек жолын қалалық ауруханада дәрігер болып бастаған. Осы ауруханада алтын қолды хирург атанған білікті ұстаздарға шәкірт болған. Ізденуден, үйренуден жалықпаған әріптесіміз урология саласындағы теория мен тәжірибені ұштастыра жолында 4 айлық курстан өткен. 1991 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтына қарасты Б.Жарбоосынов атындағы уро-

логия ғылыми орталығында 2 жылдық клиникалық ординатураны бітіріп, 1994 жылы диссертациялық жұмысын қорғап, медицина ғылымының кандидаты атанды.

Ардақты әріптесіміз урологиялық ауруларды тексеру, бүйрекке, қуыққа, несепп жолдарына күрделі операция жасаудың әдіс-тәсілдерін терең меңгерген маман ретінде облыс көлемінде абыройға бөленді. Өзінің 34 жылдық дәрігерлік еңбек жолында қалалық ауруханада, Сырдария аудандық ауруханасында, №4 қалалық емханада, өмірінің соңына дейін облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығында абыройлы қызмет атқарды. Медицина саласында атқарған еңбегі бағаланып, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, облыс әкімінің, денсаулық сақтау басқармасының, «Nur Otan» партиясының алғыс хаттарымен, құрмет грамоталарымен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. Ақыл-парасатымен, қарапайымдылығымен ұжым ортасында құрметке бөленіп, дәрігер ретінде жастарды медицина саласының кыр-сырын үйретуден жалыққан емес. Әріптесіміз отбасында ардақты әке, ауу-жолын қалалық ауруханада дәрігер болып білді. Елдігі жерде Әмірхан Нұрғалиұлының бұл фени жалғаннан көре алмай кеткен қызығы мен жасаман жасын артында қалған асыл жары мен ұрпағына бұйырғын дейміз.

Облыстық кеңес беру диагностикалық орталығының ұжымы.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы және облыстық қоғамдық кеңес Елмұра Манасқызы Жаңабегеноваға анасы

Қанат Әбукызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы медицина саласының ардагері

Мира Қасымқызы Құлсартованың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЕСКЕРТУ

Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС «Магистральды құбырлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (14 бап) сәйкес Магистральды құбырдың күзет аймағы Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының аумағынан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» жоғары қысымды магистральды газ құбыры өтетіні және магистральды газ құбырының күзет аймағының бар екендігі жөнінде ескертеді.

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

Магистральды құбырдың күзет аймағында:

- 1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральды құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральды құбырдың меншік иесімен келісіп, орнатуға;
- 2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральды құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;
- 3) магистральды құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральды құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральды құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;
- 4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

Жоғары баяндағандарға қатысты барлық сұрақ, шағым және ұсыныс жөнінде келесі мекен-жайға хабарласуыңызға болады:

«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қаласы, Абылай хан да-лы, 53, тел. +7 (727) 342-36-44, факс: +7 (727) 342-38-14, info@bsgp.kz.

